



Мәслихаттың 2019 жылғы 4 қазандағы № 433 "Қостанай облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2022 жылғы 17 қантардағы № 142 шешімі

Костанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2019 жылғы 4 қазандағы № 433 "Қостанай облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8711 болып тіркелген):

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

C. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің
энергетика және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық
басқармасы" ММ басшысы

Д. Асқаров

2022 жылғы "—"

Мәслихаттың

2022 жылғы 17 қантардағы

№ 142 шешіміне

қосымша

Мәслихаттың

2019 жылғы 4 қазандағы

№ 433 шешіміне

қосымша

Қостанай облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы жерлеу мен қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының

27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жерлеу мен қабірлерді қарап-күту ісін ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп-ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) бекітілген "Зираттар мен жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларымен айқындалады.

2. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, табытқа) жерлеу немесе сүйегі (күлі) бар урнаны қабірге, табытқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері;

2) зират – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін (мүрдесін) жерлеу орны;

3) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мүрделерін) жерлеу үшін арнайы бөлінген аумак;

4) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстau және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.

2-тaraу. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участекесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират участекелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын участекелерден тұрады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі зираттарға арналған жер участекелерін есепке алу және тіркеу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі қабірлерге арналған жер участекелерін есепке алу журналдарының негізінде есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында зираттың бос және бос участекелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

4. Жерлеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) № 045/е нысаны бойынша қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы қуәлікті және (немесе) қайтыс болу туралы медициналық қуәлікті зират қорымының әкімшілігіне ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

5. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі.

6. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер:

жерлеу жылы, айы, күні;

қабірдің нөмірі;

қайтыс болған адамның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі;

туған және қайтыс болған күні;

қайтыс болуының себебі;

қайтыс болуы туралы қуәліктің нөмірі, күні және оны кімнің бергені;

марқұмның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), жеке басын қуәландыратын құжаттың берілген күні және нөмірі, жақын туыстарының мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы қамтылады.

7. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға қайтыс болған адаммен жақын туыстырын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер участекесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

8. Сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

9. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

10. Мына жағдайлардан басқа жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді:

зират қорымын немесе оның учаскесін мерзімінен бұрын жою;

Қазақстан Республикасы бойынша немесе одан тыс жерлерде қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан сүйектерді тасымалдау кезінде.

11. Қабірлерді жобалау және салу:

қабірлердің учаскелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

қабірдің тереңдігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің тереңдігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы эк салынады;

әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

12. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау:

Жерлеуге бөлінген учаскенің шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыштар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;

қабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отыргызуға жол беріледі.

Зираттарды одан әрі күтіп-ұстауды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыштарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыштарды жерлеу учаскесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, көріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыштар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп ұстайды.

13. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мен зират қорымының әкімшілігі арасында зираттарды күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақтылы жүзеге асырылады.

14. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

- 3) жерлеу үшін әрбір жер участекесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;
- 4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды;
- 5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да участекелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстай жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;
- 6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін құрал-саймандарды жалға беруді;
- 7) жерлеу қызметтерінің барлық субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК